**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

# «Биология пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру (Күрделі тақырыптар)»

Орта білім беру мекемелерінің биология пәні мұғалімдерін оқытуға арналған

**Бағдарлама авторы:**

Баубекова А.К. - PhD - «Биология» кафедрасының доцент м.а.

**Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:**

«Биология пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру (Күрделі тақырыптар)» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: “Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жыл 4 мамырдағы №175 бұйрығына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, «Бастауыш жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Педагог туралы» Заңдарға және басқа да заңнама актілері.

Бағдарламаларды педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

# 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі. Қазіргі кезде білім берудегі басты мақсат жан – жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру жүйесін жаңғырту, оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, жаңа формациядағы ұстаздар дайындау арқылы еліміздің білім беру жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізу, сапалы білімді, инабатты, ізденімпаз, жан-дүниесі рухани бай,жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу күн тәртібіндегі келелі мәселенің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлемдік ынтымақтастықтағы мемлекеттердің қатарына тұғыры биік тәуелсіз, өз саясаты мен даму стратегиясын қалыптастырған ел ретінде мүше болып енуі, дербес деп танылуы отандық білім берудің алдына жаңа міндеттер мен талаптар қойып отыр. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев орта білім саласын «табысты ұлт болудың маңызды шарты» деп бағалайды. XXI ғасыр білім мен біліктілік сынға түсетін тарихи уақыт. Сол себепті өскелең ұрпақтың білім алуына толыққанды жағдай жасалғанда ғана халқымыз табысты ұлт деңгейіне көтеріле аламақ. «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады»,- деген болатын А. Байтұрсынов. Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу сипаттамалары анықталады. Оқыту формасында оқушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы жүйрік,жан-дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын мәнінде ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс.

Жаңа формация мұғалімі-бұл рухани дамыған, кәсіби дағдыланған, жаңалыққа жаны құмар, шығармашыл маман. Яғни, өз пәнін терең біліп қана қоймай, білім кеңістігіндегі әр қатысушының орнын көріп, олардың қызметін ұйымдастырып, күтілетін нәтижені көре білуі де керек. Бұл мұғалімнің бойында құзыреттіліктің үш түрі болуы міндетті екендігін көрсетеді: 1. Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі; 2. Ақпараттық құзыреттілік; 3. Коммуникативтік құзыреттілік. Жаңа формация мұғалімі «Адам-Адам» жүйесінде жұмыс істей алуы керек, (мұғалім-оқушы) оның жұмысы тәрбие жұмысына да ықпалын тигізуі тиіс. Мұғалім орындатушының орнына бағыттаушы,ал оқушының деңгейі обьектіден субьектіге айналуы қажет. «Құзырет»-тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Құзыреттілік білім шеңберінде өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында тұрған міндеттеріміздің бастысы-білім беру жүйесін жетілдіру, елдің интеллектуалдық потенциалын көтеру, қоғамдық өмірдің салаларында, соның ішінде,білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты, экономикалық,

әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолына түстік. Танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын оқушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік оқыту нәтижесін («білім және білік») ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік-бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде,күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады.Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді,іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді. Құзыреттілік тәсіл өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады:-оқушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіру,қазіргі заманғы техника мен технологияны меңгеру,практикалық өмір, мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалау, еңбек нарығын бағдарлау, өмірден өз орнын анықтау, өмір салты т.с.с. Жаңа енгізім және инновация – адамның қандай да болмасын кәсіби қызметіне тән, сондықтан да ол зерттеудің, талдаудың және енгізудің пәні болып табылады. Инновация өзінен - өзі пайда болмайды, ол ғылыми ізденістердің, жинақталған тәжірибелердің нәтижесі болып табылады. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала - ертеңгі азамат.Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екінші оқушының өздігінен оқып, ой - өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу. Сондықтан, мұғалімнің басты міндеті рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән берілуі тиіс. Талантты дер кезінде танып, дарындыны таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

Білім беру жүйесін жаңғыртуға байланысты оқыту мазмұнын қалыптастыру тәсілдері ғана емес, оқушылардың алған білімдері мен біліктері сапасының тәсілдері де өзгере түсуде. Сапаны басқару мәселесі білім беру мазмұнын жаңартуға көшу жағдайында үлкен маңызға ие болып отыр. Білім беру үдерісінің сапасы оқытушылардың біліктілік деңгейіне және оқушылардың дайындылық дәрежесіне ғана емес, сонымен қатар, білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасы мен оны басқару деңгейіне де байланысты. Сапаны басқару – бұл кепілдендірілген білім сапасын қамтамасыз етудің іс-шаралар жүйесін құру.

## 2. ГЛОССАРИЙ

**Құқықтық актілер -** мемлекеттік орган шығаратын, жалпы нормативтік және бейнормативтік міндеттеу мазмұнындағы ресми жазбаша құжат.

**Жеке бағдарлама** – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып жасалатын, әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиіс білім, дағды, іскерліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

**Жеке білім беру траекториясы** – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып анықталатын аймақ.

**Жеке білім беру маршруты** – ерекше білім қажеттігі бар оқушының жеке әлеуетін есепке ала отырып, оны дамыту мақсатында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тобы құрастыратын білім беру-түзету-дамыту бағдарламасы.

**Жеке тұлға –** индивидтің әлеуметтік маңызды сапалар жүйесі, оның әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды іске асыру қабілеттері. Жеке тұлға ретінде адам өзінің санасының даму деңгейімен, өз санасын қоғамдық санамен сәйкестендіруімен сипатталады.

**Қосымша білім** – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі.

**Міндетті оқу бағдарламасы** – типтік оқу инварианттық компонентіне кіретін, әрбір оқу пәні бойынша білімдер, іскерліктер және дағдылар мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.

**Оқу бағдарламасы** – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

**Оқу жоспары** – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, сабақтарының, практикаларының, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

**Сыртқы жиынтық бағалау** – негізгі орта және жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін меңгерген білім мен қалыптасқан дағдылар деңгейін айқындау.

**Ішкі жиынтық бағалау** – оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау.

**Анаэробты тыныс алу**-көптеген прокариоттардың катаболизмнің (энергия алмасуының) негізгі процесі.

**Аэробты тыныс алу –** тыныс алу кезінде сутегі немесе басқа электрондардың доноры әдетте органикалық (сирек бейорганикалық) заттар, ал соңғы электронды акцептор молекулалық оттегі болып табылады.

## 3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

«Биология пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру (күрделі тақырыптар)» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр. Сонымен қатар 7-9 сыныптарда оқытылатын сегіз қиын тақырыпты оқыту барысында биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін жетілдіру. Курстан алынатын нәтижелер жалпы биология курсы бойынша сегіз қиын тақырыптың теориялық негіздерін түсінгенін көрсетеді; биологиялық есептерді шешу мен ресімдеудің жалпы принциптері мен әдістемелік тәсілдерін қолданады; күрделі тақырыптар бойынша практикалық тапсырмалар мен зертханалық жұмыстарды құрастырады; практикалық тапсырмаларды, 8 күрделі тақырып бойынша сабақ үзінділерін жобалайды. Білім беру үдерісін жетілдірудің перспективті құралдарының бірі педагогикалық мониторинг болып табылады. Бүгінгі таңда кез келген мәселені шығармашылық тұрғыдан шеше алатын, күрделі жағдайларды салыстырып, талдап, зерттеп және одан шығудың жолын таба білетін педагогтер өте қажет. Мұғалімнің басты міндеті – биік нәтижелерге жету жұмыстарын жоспарлау, сәтсіздік себептерін талдау және анықтау, түзету жұмыстарын жүргізу болып табылады. Қазіргі таңда білім беру үдерісі жөнінде толық ақпарат алу үшін дәстүрлі әдістерді пайдалану жеткіліксіз: сабақтарды қадағалау және талдау; мектеп құжаттамасын зерделеу; оқушылармен және мұғалімдермен әңгіме. Бұл әдістеменің көмегімен биология сабағындағы қабылдау, зейін, шығармашылық ойлау деңгейі мен ерекшеліктерді айқындауға болады. Оқыту үдерісін әр оқушының тиімді және жан-жақты дамуына бағыттауға мүмкіндік береді.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

**Курстың мақсаты.** 7-9 сыныптарда оқытылатын сегіз қиын тақырыпты оқыту барысында биология мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін жетілдіру

**Курстың міндеттері:**

-Биология курсы бойынша сегіз қиын тақырыптың теориялық негіздерін түсінгенін көрсетеді;

-Биологиялық есептерді шешу мен ресімдеудің жалпы принциптері мен әдістемелік тәсілдерін қолданады;

-Күрделі тақырыптар бойынша практикалық тапсырмалар мен зертханалық жұмыстарды құрастырады;

-Практикалық тапсырмаларды, 8 күрделі тақырып бойынша сабақ үзінділерін жобалайды

**Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер:** дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия,

брейншторминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

**Күтілетін нәтиже:** курс тыңдаушылары биология пәні бойынша 7-9 сыныптар аралығындағы қиын тақырыптар бойынша жеке тәжірибеге негізделген әдістемелік құжаттардың бірін әзірлейді және көпшілік алдында қорғайды.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

**Модуль 1. Білім беру сапасын арттыру аясында пәндік құзыреттерді жетілдіру**

**Тақырып 1. Нормативтік және құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері**

**Ұзақтығы:** 2 ак.сағат

**Күтілетін нәтиже:**

1.Білім беру саласындағы жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтерді түсіндіреді.

2. Оқытуды жоспарлау кезінде нормативтік-құқықтық актілерді қолданады.

**Сабақтың қысқа жоспары:**

**С1 Кезеңі. Біріктіру** (Тыңдаушылар осы тақырып туралы не біледі?) - **20 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Қазақстандағы заманауи білім беруді дамытудың негізгі үрдістерін зерттеуге кіріспе.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Есім -Тағам-Қала | 10 минут | Олар шеңберге тұрып, кезек пен ойын шарттары бойынша өздерін таныстырады |
| Тілек | 5 минут | бір-бірінежақсы сөздер тілейді |
| “Түйінді сөздер” | 5 минут | тақырыптың түйінді сөздерін табады |

**С2 кезеңі. Теория** (Тақырып бойынша тыңдаушы НЕ білуі керек?)- **20 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Білім беру саласындағы жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтер. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт "сапалы білім беру" ұлттық жобасының міндеттеріне сәйкес биология мұғалімдерінің қызметін ұйымдастыру.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Кластер | 7 минут | Сабақ барысында қарастырылатын жеке ұғымдардың кластерін жасайды |

| | | |
|---|---|---|
| Ақпарат алаңы | 10 минут | Негізгі ұғымдарды зерттейді |
| Бір минуттық практика “Аргумент” | 3 минут | 60 секунд ішінде олар Қазақстандағы заманауи білім берудің даму тенденцияларын және биология пәнінің өзектілігін дәлелдейтін 2 аргументті жазып, жұптасып алмасады |

**С3 кезеңі. Нақты тәжірибе** (Тыңдаушы мұны қалай жасайды, осы тақырыпты қалай оқытады?) **- 38 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Қазақстандағы қазіргі заманғы білім беруді дамытудың негізгі үрдістері және мектеп бағдарламасындағы биологиялық білім беру мазмұны бойынша оқылған теориялық материалды бекіту

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| “Пазл” жаттығуы | 3 минут | Тыңдаушыларды 4 микро топқа біріктіру |
| “Джигсо 2” бойынша өзара оқыту | 20 минут | Топтық жұмыс. Шағын Топтарда оларға ұсынылған" Қазақстандағы заманауи білім беруді дамытудың негізгі үрдістері" ресурсы талқыланады. Нәтижені барлық топтармен бөліседі. |

Блок-схема -15 минут

Қазақстандағы заманауи білімберуді дамытудың негізгі үрдістерін және мектеп бағдарламасындағы биологиядан білім берудің мазмұнын көрсететін теориялық материалдың блок-схемасын жасайды

**С4 кезеңі. Қорытынды** (осы тақырып бойынша тыңдаушы Не алды және оны қолдануды қалай жоспарлайды?) **- 12 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** тақырып бойынша теориялық материалды зерттеуді қорытындылау. Қорытындылау. Рефлексия.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| “Алгоритм” | 10 минут | Биология сабақтарында білім алушылардың оқуы үшін тақырып бойынша теориялық материалды ұсыну алгоритмін құрайды. |

| | | |
|---|---|---|
| “Стикердегі диалог” тәсілі | 2 минут | Бүгінгі сабақта білгендеріне кері байланыс жасайды |

**Тақырып 2. Тірі ағзалардың көп түрлілігі**
**Ұзақтығы: 2 ак.сағат**
**Күтілетін нәтиже:**
-Тірі ағзаларды жүйелеудің мәнін түсіндіреді;
-Әрбір патшалықтағы ағзалардың сыртқы құрылымының негізгі ерекшеліктерін анықтайды;
-Бес патшалық ағзаларының сыртқы ерекшеліктерін сипаттайды;
-Тірі табиғаттың бес патшалығының ерекшеліктерін анықтайды;
**Сабақтың қысқа жоспары:**

**С1 Кезеңі. Біріктіру** (Тыңдаушылар осы тақырып туралы не біледі?) **- 20 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Тақырыпқа кіріспе. Тыңдаушылардың алдыңғы білімдерімен байланыс орнату.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Менің жеке басымның формуласы | 5 минут | Мұғалімдерді бір-бірімен таныстыру және жағымды қарым-қатынасты орнату |
| "4 сурет, 1 сөз" тәсілі | 5 минут | "4 сурет, 1 сөз" жаттығуымен тақырыпқа кіріктіру. Тыңдаушылар суретті қарап, тақырыпты анықтайды. |
| Тақырыпқа кіріспе | 2 минут | Тренердің тақырыпты жариялауы |
| Жануарлардың суретін құрастыру | 5 минут | Тыңдаушыларды топқа біріктіру |
| “3-минуттық пауза” | 3 минут | Алдыңғы біліммен жұмыс жасау. Тақырыптың 5 негізгі түйінді түсініктерінен кластер құру. |

**С2 кезеңі. Теория** (Тақырып бойынша тыңдаушы НЕ білуі керек?) **– 31 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Тірі организмдердің бес патшалығының жалпы сипаттамасы: прокариоттар, протисттер, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: өсімдіктер мен жануарларды жіктеудің маңызы. Бір клеткалы және көп жасушалы организмдер.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Quizlet.comплатформасы көмегімен интербелсенді дәріс | 20 минут | Тыңдаушылар сұрақтарға жауап береді және тақырыптың негізгі ұғымдарын белгілейді |

| | | |
|---|---|---|
| “Сәйкестікті орнату” | 10 минут | Тірі организмдердің бес патшалығын және олардың сыртқы құрылымының ерекшеліктерін анықтайды. Топтарға тірі организмдердің атаулары мен сыртқы құрылымының ерекшеліктері бар кеспе қағаздар таратылады. |
| 1-минуттық шолу | 1 минут | Жеке жұмыс: ендісіздің тақырып бойынша білгенең маңызды 10 фактіні жазуға алпыс секунд уақытыңыз бар. |

**С3 кезеңі. Нақты тәжірибе** (Тыңдаушы мұны қалай жасайды, осы тақырыпты қалай оқытады?) **- 114 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** "Тірі ағзаларды жіктеудің маңызы мен негізгі ерекшеліктері" тақырыбы бойынша тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамыту.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| “Джигсо” әдісі | 35 минут | Топтар бір-біріне тірі ағзаларды жүйелеудің маңыздылығы туралы материалдың кішкене бөліктерін оқып, түсіндіреді. |
| 1-минуттық тапсырма | 1 минут | Жеке жұмыс: тақырып бойынша білукерек 5 маңызды нәрсені жазып алыңыз. |
| “Кім жылдам табады?” | 10 минут | Топтық жұмыс: берілген жіктеу санаттардың дұрыс тізбегін жасаңыз: түр-species, патшалық-regnum, отряд (өсімдіктерде қатар) - ordo, тип-phylum (өсімдіктерде бөлім-divisio), тұқымдас - familia, класс-classis, туыс-genus |
| Өзіңді тексер | 2 минут | Өз жауабын дұрыс жауаппен салыстырады |
| Таксономияны құрастыру | 20 минут | 5 патшалықтың өкілдерінің таксономиясын құрайды. Әртопқа бір өкілден беріледі: Грейг қызғалдағы, кәдімгі амеба, қарбарысы, зең саңырауқұлағы, Кокка таяқшасы. |

| | | |
|---|---|---|
| Өзіңді тексер | 5 минут | Өз жауабын дұрыс жауаппен салыстырады |
| “Басты нәрсені табыңыз” | 20 минут | Сыртқы құрылымының негізгі ерекшеліктерін анықтаңыз. |
| Допты лақтыру | 10 минут | Алған білімдерін пысықтайды |
| Шындық немесе жалған | 10 минут | алған білімдерін бекітеді |
| 1-минуттық тапсырма | 1 минут | Жеке жұмыс: тақырып бойынша білу керек 5 маңызды нәрсені жазыпалыңыз. |

**С4 кезеңі. Қорытынды** (осы тақырып бойынша тыңдаушы Не алды және оны қолдануды қалай жоспарлайды?) **- 15 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** тақырып бойынша теориялық материалды зерттеуді қорытындылау.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| "Активатор 3-2-1" әдісі | 15 минут | Padlet тақтасында сабаққа рефлексия жүргізіледі. Тірі ағзаларды жүйелеу туралы білу керек 3 маңызды нәрсені, сыртқы құрылымның негізгі ерекшеліктері туралы бүгінгі сабақта кездестірген 2 жаңа сөзді, тәжірибеге енгізілетін 1 нәрсені жазыңыз. |

**Тақырып 3. Жасушалық биология.**

**Ұзақтығы: 2 ак.сағат**

**Күтілетін нәтиже:**

- Эукариоттық жасуша органеллаларының негізгі қызметін түсіндіреді;
- Жасушалық құрылымының мәні мен ерекшеліктерін негіздейді.

**Сабақтың қысқа жоспары:**

**С1 Кезеңі. Біріктіру** (Тыңдаушылар осы тақырып туралы не біледі?) **- 20 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:**Кезеңнің қысқаша мазмұны: Тақырыпқа кіріспе. Алдыңғы біліммен байланыс орнату.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыты | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Сәлемдесу баспалдағы | 5 минут | Ынтымақтастық атмосферасын орнату |
| Тақырыпты тыңдаушыларға таныстыру | 5 минут | Тақырыпқа кіріспе |
| Топтарға біріктіру | 5 минут | Карточканың түсіне қарай топтарға біріктіру |
| Миға шабуыл | 5 минут | Өткен тақырыппен |

| | | |
|---|---|---|
| | | байланыс |

**С2 кезеңі. Теория** (Тақырып бойынша тыңдаушы НЕ білуі керек?) **- 30 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:**Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасушалық құрылымдар: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық ретикулум, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты, лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасуша қосындылары. Құрылымы және атқаратын қызметтері.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыты | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| Тақырыптық дәріс | 10 минут | "Жасушалық биология" тақырыбын ашуды, оны зерттеу әдістерін, негізгі проблемаларды, оның ерекшеліктері мен қиындықтарын анықтауды, қолда бар оқулықтар мен оқу құралдарына толық шолу жасауды көздейді. |
| «Әткеншек» әдісі | 15 минут | Белсенді әңгіме, топ тыңдаушылары арасында мәселе талқылануы. |
| «Сұрақтар кестесі» әдісі | 5 минут | Тыңдаушылар “Сұрақтар кестесін” толтырады |

**С3 кезеңі. Нақты тәжірибе** (Тыңдаушы мұны қалай жасайды, осы тақырыпты қалай оқытады?) **- 115 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** «Жасушалық биология» тақырыбы бойынша тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамыту.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| «Автобус аялдамасы» әдісі | 40 минут | Ұсынылған постерлер бойынша тыңдаушылар мәтіннің мазмұны бойынша өз пікірлерін жазады, содан кейін өз жазбаларын басқа топтың қатысушыларына жібереді. Олар ақпаратты өз идеяларымен толықтырады және әрі қарай таратады. Осылайша, ойдың толықтырылуы және ақпарат алмасу процесі жүреді |
| «Фотогалерея» әдісі | 20 минут | Тыңдаушылар фотогалерея туралы ақпарат береді, органоидтардың құрылымындағы ерекшеліктерді анықтайды, ұяшықтарды толтырады |
| “Екі жұлдыз бір тілек” | 5 минут | Тыңдаушылар бір-бірінің жұмыстарына түсініктеме береді, пікір алмасады |
| “Венн” диаграммасы | 20 минут | Жануар және өсімдік жасушасын салыстырады. Венн диаграммасын |

| | | |
|---|---|---|
| | | толтырады |
| Карточкамен жұмыс | 25 минут | Шығармашылық тапсырмалар. Тыңдаушылар өз жауаптарын талдайды. |
| "Құпия агент" | 5 минут | Жауапты құру алгоритмі |

**С4 кезеңі. Қорытынды** (осы тақырып бойынша тыңдаушы Не алды және оны қолдануды қалай жоспарлайды?) **- 15 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** тақырып бойынша теориялық материалды зерттеуді қорытындылау.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия «Аяқталмаған сөйлем» | 15 минут | Тренер мен тыңдаушылар арасындағы кері байланыс. https://jamboard.google.com/ тақтасымен жұмыс |

**Тақырып 4. Ферменттердің әсер ету механизмі**

**Ұзақтығы: 2 ак.сағат**

**Күтілетін нәтиже:**

-Адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттайды;

-Ферменттердің маңызы мен әсер ету механизмін түсіндіреді.

**Сабақтың қысқа жоспары**

С1 кезеңі. Біріктіру - 15 минут

Кезеңнің қысқаша мазмұны: тақырыпқа кіріспе. Тыңдаушылардың алдыңғы білімдерімен байланыс орнату.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Комплименттер | 5 минут | Қолайлы атмосфераны құруға арналған жаттығу |
| "Ең маңызды 10 факт" | 5 минут | Тыңдаушылар ферменттердің адам өміріндегі маңызы туралы 10 фактіні келтіреді |
| «Күтілетін үміт стикерлері» | 5 минут | Тыңдаушылар бүгінгі сабақта не үйренгісі келетіндерін стикерге жазады және оларды тақтаға жабыстырады. |

**С2 кезеңі.** Теория - 15 минут

Кезеңнің қысқаша мазмұны: заттардың ыдырау процестерінің мәнін және ас қорыту ферменттерінің әсерін түсіну.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Интер белсенді дәріс | 10 минут | Тыңдаушыларға ферменттердің әсерету механизмін анықтауға көмектесетін блок-схема беріледі. |
| 1-минуттық шолу | 1 минут | Ферментативті реакциялардың үш негізгі түрін анықтау |

| | | |
|---|---|---|
| Сәйкестікке арналған жаттығу | 3 минут | Топтық жұмыс: тыңдаушылар ас қорыту процесінің бөліктері туралы терминдер мен анықтамаларды анықтайды |
| 1-минуттық тапсырма | 1 минут | Ферменттердің әсерету механизмі туралы білу керек 3 маңызды нәрсені жазып алыңыз. |

**С3 кезеңі.** Нақты тәжірибе - 45 минут

Кезеңнің қысқаша мазмұны: ферменттердің ас қорытудағы рөлін жән есіңіру мен секреция процестеріндегі практикалық маңыздылығын талдау.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| "Өзіңіз ойлаңыз, жұппен бөлісіңіз, талқылаңыз"әдісі | 20 минут | Адамның ас қорыту процестері және ферменттердің әсерету механизмі туралы ақпаратты талдайды |
| "Автобус аялдамасы" әдісі бойынша | 10 минут | Топтар өз жұмыстарын қабырғаға іліп қояды. Топтар бір-бірінің жұмысымен танысады және өз пікірлерін қалдырады. |
| Эссе | 10 минут | Ферменттердің маңызы мен әсерету механизмі туралы Эссе жазыңыз. |
| Галерея | 5 минут | Эссені іліп қояды және оқиды |

**С4 кезеңі.** Қорытынды -15 минут

Кезеңнің қысқаша мазмұны: тақырып бойынша теориялық материалды зерттеуді қорытындылау.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Идеялар жәрмеңкесі | 15 минут | Әр топ өткен тақырып бойынша жарқын идеялармен бөліседі.<br>Сіз үшін бүгінгі оқығандардың қандай сәті ең маңызды болды?<br>Қай сәті түсініксіз болды? Өз тәжірибеңізде қандай әдістерді қолдануды жоспарлап отырсыз? |

**Тақырып 5. Пассивті тасымал механизмі**

**Ұзақтығы: 2 ак.сағат (90 минут)**

**Күтілетін нәтиже:**

- Сыртқы факторларға байланысты флоэмадағы заттардың қозғалысын зерттейді;
- Пассивті және белсенді тасымалды салыстырады.

**Сабақтың қысқа жоспары:**

**С1 Кезеңі. Біріктіру** (Тыңдаушылар осы тақырып туралы не біледі?) **- 20 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:**Кезеңнің қысқаша мазмұны: Тақырыпқа кіріспе. Алдыңғы біліммен байланыс орнату.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Ынтымақтастық атмосферасын орнату | 5 минут | «Серіктесті таныстыру» |

| | | |
|---|---|---|
| Топтарға біріктіру | 5 минут | Атомдар мен молекула |
| Кіріспе | 10 минут | Тақырыпты тыңдаушыларға таныстыру |

**С2 кезеңі. Теория** (Тақырып бойынша тыңдаушы НЕ білуі керек?) **- 30 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** Белсенді және пассивті тасымалдың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдау. Белсенді тасымалдау кезінде энергия шығыны. Флоэма арқылы заттарды тасымалдауға сыртқы факторлардың әсері: температура, ылғалдылық, жарық..

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Блиц-сауалнама | 5 минут | Тыңдаушылар сұрақтарға жауап береді, сабақтың тақырыбын және сабақтың мақсаттарын айқындайды |
| «Алаңдардағы белгілер» әдісі | 20 минут | Мәтінмен жұмыс |
| Кері байланыс | 5 минут | «Плюс-минус-сұрақ» әдісі |

**С3 кезеңі. Нақты тәжірибе** (Тыңдаушы мұны қалай жасайды, осы тақырыпты қалай оқытады?) **25 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** "Пассивті тасымал механизмі" тақырыбы бойынша тыңдаушылардың практикалық дағдыларын дамыту.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| «Кесте-синтез» | 10 минут | Тапсырмаларды орындау |
| «Төрт сөйлем» стратегиясы | 15 минут | Жасуша мембранасы арқылы заттарды тасымалдаудың әртүрлі түрлерінің қызметін талқылау |

**С4 кезеңі. Қорытынды** (осы тақырып бойынша тыңдаушы Не алды және оны қолдануды қалай жоспарлайды?) **- 15 минут**

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** тақырып бойынша теориялық материалды зерттеуді қорытындылау.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| 9 ромб әдісі | 15 минут | Субъективті тәжірибені өзектендіруді қабылдау |

**Тақырып 6. Нейрогуморальдық реттелу механизмі**

**Ұзақтығы: 2 ак.сағат**

**Күтілетін нәтиже:**

- Миелендi қабықтың қызметін сипаттайды;
- Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмін түсіндіреді;
- Жүйке жүйесі жасушаларының құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты көрсетеді.

**Сабақтың қысқа жоспары**

**С1 кезеңі.** Біріктіру - 15 минут

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** тақырыпқа кіріспе. Тыңдаушылардың алдыңғы білімдерімен байланыс орнату.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| «Сәлеметсіз бе!» жаттығуы | 5 минут | бір-бірімен амандасу немесе мақтау білдіру немесе бүгінгі сабақтың басындағы ұранды білдіреді |
| “Капитан” жаттығуы | 5 минут | Топқа біріктіру |
| Кластер | 5 минут | нейрондар мен гормондардың түрлері мен функцияларына тірек сызба жасайды |

**С2 кезеңі**. Теория - 20 минут

**Кезеңнің қысқаша мазмұны:** нейрондардың түрлері мен функциялары. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Миелинді және миелинді емес аксон қабықтары. Синапстар мен медиаторлар. Тынысалу мен тыныс шығаруды реттеу мысалындағы нейрогуморальды реттеу механизмі.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| | | |
|---|---|---|
| Мини-дәріс | 10 минут | Нейро гуморальды реттелу туралы негізгі ақпарат беріледі |
| Тізбек | 7 минут | Жұппен жұмыс: нейрогуморальды реттелу процестерінің логикалық тізбегін құрайды |
| 3 минуттық пауза | 3 минут | Жүйке және гуморальдық реттелу қызметі бойынша 3 қорытынды жасайды |

**С3 кезеңі.** Нақты тәжірибе - 46 минут

**Кезеңнің қысқаша мазмұны**: жүйке және гуморальды реттеуді салыстыру. Денені стресске бейімдеу.

**Белсенді оқу әрекеттері**

| Атауы | Уақыт | Сипаттамасы |
|---|---|---|
